

Ғ. Мажиев¹, Р.М. Мухаметшин²

¹*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан;*

²*Ресей ислам университеті, Қазан, Татарстан*

(E-mail: kmdbbeibit@mail.ru)

**Бүгінгі таңдағы ислам елдеріндегі мемлекет пен дін қатынасының
ерекшеліктері, принциптері мен даму тенденциялары:
Сауд Арабиясы, Мысыр, Малайзия**

Мақалада ислам елдеріндегі дін және мемлекет қатынасы аспектілері қарастырылған. Сауд Арабия патшалығы мен Египет Араб Республикасы және Малайзия Федерациясы зерттеу нысаны ретінде алынды. Дін мен мемлекет қатынасын ашу үшін қарастырылған мемлекеттердің исламға басымдылық беру ерекшеліктеріне, оның ішінде діни партиялардың қызметінің белсенділігі мен елдің орналасу аумағына және этноконфессиялық құрамына қарай талданды. Сонымен қатар мақалада үш елдің биліктік жүйесінің дінге қатыстылық деңгейі де сараланды. Зерттеу барысында Сауд Арабиясының дінге басымдылық беру деңгейі өзге екі елден қарағанда қатаңырақ екендігі, алайда, соңғы жылдары басқару жүйесі мен білім беру және қызмет көрсету салаларында, сонымен қатар көп сынға ұшыраған мәдени мұраларды сақтау істерінде өзгерістер мен жаңашылдықтарды енгізуге деген талпыныстар байқалды. Ал, Мысыр елі ислам дініне басымдылық берумен қатар ибраһимдік діндерге де мәртебе беретіндігі және елдің саяси билігі екі елге қарағанда әлдеқайда зайырлы екендігі айқындалды. Малайзия монархиялық биліктегі мұсылман елі бола тұра, елде діни, саяси партиялардың және өзге дінге негізделген ұйымдардың қызметіне еркіндік береді. Олардың белсенділігі парламенттегі сайланған мүшелермен елдің басқару ісіне араласуға мүмкіндік алады. Ел тарихында өз халқының эралуандығын нарықтық бәсекеге бағыттау арқылы дамудың жоғарғы көрсеткішіне жеткізе алды. Тақырып мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың әр елдердегі ерекшеліктерін ашуға бағытталғандықтан зерттеу барысында құрылымдық-функционалдық және дінтанулық салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Кілт сөздер: Сауд Арабиясы, Малайзия, Мысыр, дін, мемлекет, билік, заң, ислам.

Қазіргі таңда әлем зерттеушілерінің назары ислам әлемін зерттеуге ерекше көңіл бөле бастады. Әсіресе, исламдық басқару жүйесінің универсалдылығы және оның практикалық маңызы мен тікелей қоғам тіршілігінде қолдануының артуы көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда. Бүкіл әлем зайырлы басқару жүйесіне бет бұрып жатса да исламға ерекше мәртебе беретін басқару жүйесі әлі де болса өзінің өміршеңдігін сақтап қалуда. Ислам мемлекеттерінің ерекшеліктері мен бүгінгі заманға сай басқарушылық жүйесінің дамуын ашу үшін ислам елдерінің дін мен мемлекет қатынасын ғылыми тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туындайды.

Бүгінде мұсылмандардың саны жаһан халықтарының төрттен бірін құрап отыр. Бұл шамамен екі миллиард адамды жуықтайды. Сәйкесінше мұсылмандыққа басымдық беретін елдердің саны да аз емес. Мұсылмандардың басын қосатын ең үлкен ұйым – Ислам ынтымақтастық ұйымына бүгінде 57 ел мүше. Оның ішінде Қазақстан да бар. Мүшелікке ие елдердің басқару жүйелерінде ислам дінінің статусы әртүрлі. Олардың бірқатарында исламға мемлекеттік дін мәртебесі берілсе, ал, кейбір елдер зайырлылық ұстанымдарына байланысты заңдарында ислам дініне арнайы мәртебе берілмеген. Осы тұста ислам елдерінің дін және мемлекет қатынастарының принциптері мен формаларын талдау

үшін Сауд Арабия патшалығы, Египет Араб Республикасы, Малайзия елдерін зерттеу нысаны ретінде алып қарасақ, тақырыпты ашуға мүмкіндік мол болмақ. Өйткені, келтірілген мемлекеттердің дін мен мемлекет қатынасын реттеу ұстанымдары бір-бірімен қатты ерекшеленеді. Ислам аталмыш үш елге ортақ құндылық саналғанымен олардың ұлттық салт-санасы мен географиялық орналасуы, мемлекеттік басқару жүйесі және экономикалық бағыты мүлде басқа.

Зерттеу нысаны ретінде алынған елдердің ішіндегі Сауд Арабиясы Патшалығында (САП) дін мен мемлекет қатынасы 1992 жылы қабылданған «Негізгі Заңымен» реттеледі. Заңның 1-бабында «Сауд Арабиясы патшалығы – діні Ислам болып табылатын толық егеменді араб ислам мемлекеті, ал Конституция – Алла Тағаланың кітабы және оның Пайғамбарының сүннеті» деп белгіленген [1]. Заңның 7-бабына сәйкес «Сауд Арабиясы Патшалығындағы мемлекеттік билік Алла Тағаланың кітабынан және оның Пайғамбарының сүннетінен бастау алады» және 8-бапқа сәйкес «Сауд Арабиясы Патшалығында мемлекеттік басқару жүйесі ислам шарифатына сәйкес әділдік, кеңесші және теңдік қағидаттарына негізделген» деп ислам діні елдің мемлекеттік мәртебеге ие діні екендігі және басқару жүйесінде шарифатқа сүйенетіндігі ашық баяндалады [1]. Ислам дінінің мәртебесі мемлекеттік дін болумен қатар патшалықтың тұрғындарының ұстануы тиіс және ол заңмен бекітілген. Негізгі Заңның 9-бабына сәйкес «Сауд Арабия қоғамының өзегі отбасы болып табылады және оның мүшелері ислам дінінің негізінде өмір сүруі тиіс және оның адалдық талаптары Құдайға, оның Елшісіне және билікке мойынсұну, заңдарды құрметтеу және жүзеге асыру, сондай-ақ Отанға сүйіспеншілік пен оның даңқты тарихына мақтанышпен қарау» делінген [1].

САП билігінің құрылымы екі әулеттің келісімі негізінде құрылып, осы күнге дейін сол келісім бойынша мемлекетті басқарып келеді. Біріншісі Абдул Азиз Ибн Сауд патшаның ұрпағынан тараған әулет. Бұл әулет елдің саяси бағытын басқарады. Негізгі Заңның 5-бабына сәйкес «Негізін қалаушы патша Абд әл-Азиз ибн Абд ар-Рахман әл-Фейсал әл Сауд пен оның ұлдарының ұлдарымен шектелуі тиіс. Адалдық олардың арасында Құдай Тағаланың кітабы және оның елшісі (оған Алланың сәлемі болсын) сүннеті негізінде ең орынды болуға кепілдік етілуге тиіс» деп Сауд әулетінің монархиялық билігі мен шарифаттың байланысы заңмен бекітілген [1]. Ал, екінші арғы атасы Мухаммада ибн Абдул Уаһхабқа тірелетін Әл Шейх әулеті дін мамандары корпусына жауапты. Әулеттің бұл функциясы ресми түрде мекеме ретінде 1925 жылы «Жақсылыққа шақыру және күнәдан тыю Лигасы» (Хайъа аль-амр би альмааруф уа ан-наһа ан аль-мункар) атымен Эр-Риадта құрылып, бекітілді. Оны қысқаша әл-Хасба деп те атайды [2]. Мемлекет және дін қатынасының ерекшелігін патшалықтың діни және саяси билігінің тарихынан анық көруге болады. Әрине бұл екі әулеттің арасында арагідік текетірестер де орын алып отырды. Оның басты себебі ретінде зерттеушілер саяси биліктің аз да болса заман талабына сай бейімделуге тырысуы, ал дін қызметкерлерінің оған қарсылық танытуымен байланыстырады. Жақсылыққа шақыру және күнәдан тыю лигасы биліктің қабылдаған шешімін шарифи тұрғыдан мақұлдап немесе келіспейтіндігін білдіріп отыратын, сол арқылы патша саясатын діни тұрғыдан негіздейтін мекемеге айналады. Әрине, бұл жерде лиганың азда болса дербестігі сақталды. Оны кейде Сауд билігінің лига құрамын өзгертуі және жаңа басшыны тағайындауынан көруге болады.

Сауд Патшалығында таралған ислам діні сүнниттік ханбали мазһабының Абдул Уаһхаб іліміне негізделген. Өз кезегінде бұл бағыт ислам қоғамына жаңашылдықтың «кез-келген» түрінің енуіне қарсы болды [3]. Ал, жаһанның күннен-күнге өзгеріске түсіп отыруы Сауд билігі мен ондағы араб халқының да жағдайға сай бейімделуін талап етті. Осыған орай Сауд билігі мемлекеттік басқару мен білім, қоғамдық қызмет саласына өзгертулер енгізу шараларын жасады. Ал бұл екі корпус арасында келіспеушіліктердің орын алуына және ортақ шешімге деген мұқтаждықтың туындауына алып келді. Мәселен, 2002 жылға Мекке қаласында орын алған өрт кезінде 15 қыз көз жұмды. Оқиға қыздар мектебінде орын алған. Өрттен қашпақ болған қыздардың шарифатқа сай киімдері болмайды. Төтенше жағдай қызметі келген кезде «шарифи полиция» өрт сөндірушілердің ішке енуіне рұқсат бермейді. Ондағы уәж ер мен әйелдің бірге болуы «шарифатқа қайшы» деген ұстанымды алға тарту [4]. Соңы қыздардың қайғылы қазасымен аяқталады. Яғни, мүмкіндік бола тұра адам өліміне жол беріледі. Сол себептен билік қыздар мектебін діни қызметкерлер құзырынан алып білім министрлігі қарауына береді. Сонымен қатар билік өрт сөндірушілерге қыздарды тілсіз жаудан ешқандай киім ерекшеліктеріне қарамастан құқаруға рұқсат берді [5].

Елдің дінге қатынасын анықтайтын білім саласы ислам дініне бағытталған. Негізгі Заңның 13-бабында «Білім беру жастарға ислам дінін үйретуге және оларды дағдысын арттыруға бағытталуы тиіс» деп дінге басымдылық беріледі. Дегенмен, соңғы жылдары реформа жасауға деген

тырысушылық байқалуда. Сауд билігі техникалық білімнің қажеттілігін сезініп, бірнеше техникалық бағыттағы оқу орындарын аша бастады. 2009 жылдың 23 қыркүйегінде Джидда қаласында Абдолла патшаның атындағы Ғылым және техника университетінің ашылу салтанатында патша «ғылым мен білім тек ауру адамның бойында ғана қайшылыққа түседі» деп патшалықтың ғылымға деген ықыласын мәлімдеді. Бұл оқиға кейін патшалық ғұламаларының назарында сынға түседі. Атап айтқанда Жоғарғы ғұламалар кеңесінің мүшесі Саада Аш-Шасри өз мәлімдемесінде аталмыш оқу орындарында әйелдер мен ерлердің бірге оқуы дұрыс емес және ондағы пәндерге шариғи сараптама керек деп айтты. 2009 жылдың қазан айында Абдалла патшаның Аш-Шасриді қызметінен босату туралы жарлығы шықты. Осы тұста Жоғарғы ғұламалар кеңесінің құзіреттілігін анықтай өтсек. Бұл кеңес 1993 жылы құрылып, 150 мүшелік құрамымен патша тарапынан тағайындалатын ғұламалар кеңесі. Алғашында мүшелік тек ер адамдардан құралды. Қазіргі кезде олардың қатарында шииттік бағыттағы дін өкілдері де әйелдер де мүшелікке енді [3]. Кеңес мемлекеттік маңызы бар істерді талқылайды.

1992 жылғы Негізгі заң бойынша елде тек ораза және құрбан айт мерекелері ғана мемлекеттік деңгейдегі мейрам ретінде тойланатын. Десе де 2005 жылы 23 қыркүйекте Сауд Арабиясы өз тарихында алғаш рет «ұлттық бірлестік» күнін атап өтті. Өз кезегінде бұл елдің шариғи мерекелерден бөлек ұлттық ерекшеліктерін қалыптастыруға тырысушылығының қазіргі кездегі бір айғағы болып отыр. Мұсылмандар үшін ең қасиетті орын Мекке мен Мадина қазіргі Сауд Арабиясының құрамында. Бұл аталмыш екі қала ислам дінінің алғаш тараған, Мұхаммед пайғамбар мен оның танымал сахабаларының өмір сүріп, жерленген жері. Өз кезегінде бұл патшалыққа мұсылман елдері арасында ерекше мәртебе береді. Дегенмен, САП мәдени мұраларды бұзуына байланысты көптеген елдер тарапынан сынға ұшырады [6]. САП дін қызметкерлері мұны елдің жалғыз құдайлық «таухидке» қарсы келетін «ширк» терминімен байланыстырады. Яғни, қасиетті Меккеге келген мұсылмандардың осы аумақта жерленген қасиетті тұлғалардың мазарларынан медет сұрауын «ширк» жасауда деп бағалап, мұндай объектілерді жою діни тұрғыдан құпталды [7]. Осындай сынның бірі елдегі шииттік бағыттағы мәдени мұралардың жойылуы [8]. Алайда, 2019 жылы туристік бағытты дамытуды қолға алып, шетелдік туристердің келуіне жол ашты [9]. Өз кезегінде бұл алдағы уақытта патшалықтың мәдени мұралардың сақталуына деген ұстанымның өзгеруі ықтималдығын көрсетеді.

Жалпы, Сауд арабиясы ислам елдерінің ішінде діннің қатаң формасын ұстанатын мемлекет. Алайда, жаһандық өзгерістер елдің дін және мемлекет қатынасына әсерін тигізуде. Оны елдің мемлекеттік құрылымында жаңа басқару тетіктерінің пайда болуы мен соңғы кездегі жиі көтеріліп жүрген білім саласында реформа жасау керек деген пікірлерден байқауға болады. Яғни, діни ұстанымдарға толық негіздегісі келгенімен зайырлы білім мен басқару жүйесінің үлгілері бәрі бір де өз қажеттілін білдіруде. Зерттеу нәтижелері патшалықтың алдағы уақытта да исламның мәртебесін мемлекеттік дін ретінде сақтай отырып, кейбір салаларда зайырлы елдердің тәжірибесіне қажеттіліктердің артатындығын көрсетуде. Сондықтан болашақта білім беру саласы мен мемлекеттік басқару істерінде бірқатар өзгерістер орын алу ықтималдығы басым.

Ислам әлемінде ерекше өзіндік орны бар, экономикалық дамуы мен дінді ұстануда өзге мұсылман елдеріне үлгі болып отырған Азия құрлығындағы ислам мемлекетінің бірі Малайзия Федерациясы. Малайзия көпұлтты әрі, көпконфессиялы ел. Федерацияда 180 этникалық топ өкілдері өмір сүруде. Елдің 50 пайыздан астамы мұсылман-малайлықтар, ал 23,7 пайыздайы қытайлар. Олардың басым бөлігі даосизм, буддизм және конфуцизмді, ал христиандықты аз ғана бөлігі ұстанады. Үнділер халықтың 7 пайызын құрайды. Пайыздық көрсеткіші қытайлардан аз болғанымен үнділердің арасында буддизм мен ұлттық діндері индуизмді және сикхизм мен мұсылмандықты, тіпті христиандықты да ұстанатын өкілдері бар. Қалған 16 пайыз тұрғындар эмигранттар мен Малакка және Калимантаның байырғы халқының еншісінде [10]. Өз кезегінде бұл Федерацияның діни келісімді сақтау мақсатында қажырлы жұмыстарды талап ететіндігін көрсетеді. Дегенмен, этноконфессиялық құрамының әралуандылығына қарамастан федерацияда дінге басымдылық беріледі.

Елдің дін және мемлекет қатынасы МФ-нің 1957 жылы қабылданған Конституциясында анық көрсетілген. Конституциясының 3-бабында «Ислам Федерацияның діні болып табылады; алайда өзге діндерді Федерацияның кез-келген бөлігінде татулық пен келісімшілікпен ұстануға болады» деп көрсетілген. Ислам діні мемлекеттік дін мәртебесіне ие болғанымен Малайзияның көпэтностылығы мен көпконфессиялылығы өзге ислам елдерінен көрі біршама ерекшелейді. Зерттеуші И.Н. Золотухин «ел халқының басым бөлігі мұсылмандар болғанына қарамастан Малайзия классикалық ислам

мемлекеті емес, оған «малайларға басымдылық беретін көпэтносты қоғам» формуласы тән, онда баршаға діни сенім бостандығына кепілдік беріледі» деп ой қорытады. Конституцияның 8-бабының 1-тармағына сәйкес «барлық тұлға заң алдында тең және заң тарапынан тең құқылы бағаланады» делінсе 11-баптың 1-тармағына «әркім өз дінін ұстануға, діни рәсімдерді өтеуге құқылы» делінген. Діни бірлестіктердің қызметі Конституцияның 11, 12-баптарымен реттеледі. Заңға сәйкес әр діни бірлестіктің: дін мәселесіндегі істерді басқаруға, діни немесе қайырымдылық мақсатында мекеме ашуға және ұстап тұруға, мүлікті иемденуге, оларды заңға сәйкес басқаруға құқығы бар. Сонымен қатар діни топтар балаларға арналған діни оқу орнын ұстауға рұқсат етіледі. Алайда, бұл қандай да бір діни алауыздық тудыруға бағытталмауы керек.

Малайзияда діни жеке ұйымдардың қоғамдық белсенділігі жоғары. Елде қырыққа жуық партия бар. Олардың қатарында 1951 жылы құрылған Малайзияның Ислам партиясын (МИП) айтсақ болады. МИП-тің бағдарламасындағы негізгі мақсаттары Исламдық мемлекет құру және Конституцияның бірқатар ережелерін Құран мен Сүннеттің нормаларына сәйкестігін қайта қарап, түзету. Бірақ бұл партияның өкілдері палатаның мүшелігіне көп орын алып жүрген жоқ. Тағы бір партия Ұлттық фронт деп аталады. 1974 жылы он төрт партия мен ұйымдарды бірігуінен құралған. Фронт бағдарламасы өз қызметінің мақсаты бірыңғай үйлесімді Малайзия ұлтын қалыптастыру, ресми дін ретінде исламды орнықтыру және оны қолдау, алайда, ар-ождан бостандығы қағидаттарын назарға ұстау. 2008 жылғы болған парламенттік сайлауда ҰФ Өкілдер палатасында 140 орынды иемденіп, басымдылық танытты. Елдегі ең белсенді әрі ықпалды партия (БМҰҰ) 1946 жылы құрылған Біріккен Малай Ұлттық ұйымы саналады. БМҰҰ көшбасшылары 1950 жылдардың ортасынан бастап тұрақты түрде Малай үкіметін басқарды. Партияның негізгі мақсаты конституциялық монархияны сақтау және демократиялық басқаруды дамыту, исламға ресми дін мәртебесін беру, ортақ консенсусты сақтай отырып, бірыңғай Малайзия халқын қалыптастыру, малай мәдениеті мен малай тілін дамыту болып табылады [11]. Бұл ретте партияның қызметі радикалды ислам қағидаттарына қарсы әрекет етеді. БМҰҰ мүшелері Федерация құрылғаннан бері Малайзияның премьер-министрі лауазымына 6 рет тағайындалып 2018 жылға дейін атқарды. Елде осы үш партия арасында билік үшін тартыс бар. Сайлау кездерінде көп жағдайда басымдылық БМҰҰ жағында. Бұл ұйымның ұлттық құндылық пен діни сенім бостандығына және ислам дініне басымдық берумен қатар конституциялық басқаруды қатар дамытуға тырысуы негізгі артықшылығы болып отыр.

Ел тарихында конфессиялық келіспеушіліктің және діни сарында мемлекеттік саясатқа деген көңіл толмаушылық фактілері орын алған. Оған елдің этноконфессиялық құрамы мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы ширек ғасыр ішіндегі мұсылман малайлардың орта табысының төмен болуы себеп болған. Дегенмен, малай билігі Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) аясында елдегі кедейшілікті азайту және мұсылман малайлардың нарықтық өндірістегі үлесінің артуы нәтижесінде ел мұсылмандарының билікке деген оң көзқарасын қалыптастыра алды. Алайда, осы тұста елдің мұсылман малайларға көп мүмкіншіліктер жасауы мұсылмандықты ұстанбайтын қытай, үнді және өзге де этнос өкілдері арасында сынға түсті. Дегенмен, халықтың басым бөлігі мұсылман дінін ұстанғандықтан ислам діні өз мәртебесін сақтауда.

Жалпы, малайзияның мемлекет және дін қатынасында елдің ислам дініне басымдық беруімен қатар діни сенім бостандығын қамтамасыз етуге және елдің көпэтникалық құрамының татулығын сақтауға бағытталған. Сонымен бірге билік экономикалық дамудың қарқыны мен жұмыссыздықты азайту арқылы ел халқының діни және ұлттық келіспеушіліктерінің алдын алуды және ислам діні негізінде ұлттық тұтастықты қамтамасыз етуді мақсат етеді. Дегенмен, елде мемлекеттің исламға берген мәртебесін азсынатын партиялар мен ұйымдар қызмет етуі басқару жүйесін әлі де болса өзгеріске түсу мүмкіндігін көрсетсе, екінші жағынан жалпы халықтың үштен бірі өзге дін өкілдері құрайтындығын ескерсек, қазіргі басқару жүйесін одан ары исламдандыруды қатаңдатуы қалайтын ұйымдардың билік пен халық тарапынан қолдау табу ықтималдығы жоғары емес. Малайзия ислам елдері арасында ағылшын елінің отарынан шыққаннан бері өзінің даму жолында кездескен конфессиялық, этникалық және экономикалық мәселерді дінге басымдылық берумен қатар конституциялық монархия жолын таңдау арқылы тиімді жүйесін қалыптастыра алған бірден-бір мемлекет. Әрине, елде этноконфессиялық мәселе түбегейлі жойылған жоқ. Сондықтан малай билігі алдында бұл мәселені оңды жетілдірудің жолдарын қарастыру шаралары өз өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Мұсылман елдері арасында тарихы терең, мәдениеті бай елдің бірі Египет Араб Республикасы (ЕАР). Елдің дін және мемлекет қатынасы Конституцияда анық жазылған. Конституцияның преамбуласы «Бисмиллаһи-р-Рахмани-р-Рахим» деп басталып, 2-бабында «Ислам — мемлекеттік дін, ал араб

тілі — оның ресми тілі. Ислам шариятының қағидалары Заңнаманың басты көзі болып табылады» [12]. Яғни, ел ислам дініне мемлекеттік дін мәртебесін береді. Мысыр әралуан халықтардың мәдениеті мен әлемнің әртүрлі өркениеті тоғысқан ежелгі ел. Сондықтан мұнда халықтың этникалық және конфессиялық құрамы да біркелкі емес. Елдің басым бөлігін мұсылман-арабтар құрайды (90 %). Одан кейінгі орында шамамен 10 миллиондай көрсеткішпен копт христиандар тұр [13]. Шииттердің саны халықтың шамамен 1 пайызын немесе 1 000 000-ға жуық адамды құрайды. Бахаи өкілдерінің мәлімдеуінше, қауым көлемі 1000-нан 2000 адамға дейін [14]. Мемлекеттің дін саласындағы саясаты өзінің осындай конфессиялық құрамын ескереді.

ЕАР-да исламнан кейін христиандар мен иудейлерге ерекше мәртебе берілген. Негізгі Заңның 3-бабының «Мысырлық христиандар және иудейлер заңдарының принциптері – олардың жеке мәртебесін, діни істерін және рухани көшбасшыларын іріктеуді реттейтін заңнамалардың басты қайнар көзі болып табылады» және 235-бапта «Осы Конституция күшіне енгеннен кейін өзінің бірінші заңнамалық мерзімінде Өкілдер Палатасы үйі христиандарға өздерінің діни салт-дәстүрлерін ұстану еркіндігіне кепілдік беретін, шіркеулердің құрылысы мен жөндеуін ұйымдастыру туралы заң шығарады» делінген [12]. Бұдан байқайтынымыз елде заңмен мойындалған үш дін бар. Олардың үшеуі де ибраһимдік дінге жатады. Әрине, тарихы терең бұл елде басқа дін өкілдері де тұрады. Заң олардың ар-ождан бостандығын мойындайды. Заңның 64-бабында «Сенім бостандығы абсолютті. Діни жораларды орындау және діни ғибадат ету орындарын белгілеу бостандығы заңмен ұйымдастырылған құқық болып табылады» ал, 53-бапқа сәйкес «Азаматтар заң алдында тең... дін, сенім, жынысы, шығу тегі, нәсілі, терісінің түсі, тілі, мүгедектігі, әлеуметтік жағдайы, саяси немесе географиялық тиесілігі бойынша немесе кез келген басқа себептермен кемсітуге болмайды. Кемсітушілік және жек көрушілік заң бойынша жазаланатын қылмыстар болып табылады. Мемлекет кемсітушіліктің барлық нысандарын жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды» делінген [12].

Негізгі заңның 7-бабында «Әл-Азхар өз істерінде айрықша құзыретке ие тәуелсіз исламдық ғылыми мекеме болып табылады. Ол дін ғылымдары мен ислам істері саласындағы үлкен беделге ие. Мысырда және әлемде исламды уағыздау және дін ғылымдары мен араб тілін тарату міндетті. Мемлекет бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін жеткілікті қаржы бөледі» деп келтіреді. Мысырдың көнеден келе жатқан бұл университеті қазіргі ислам әлеміндегі ең ықпалды, әрі танымал оқу орны болып табылады. Ондағы ғалымдардың шығарған пәтуаларын дүние жүзінің мұсылмандары басшылыққа алады. Сондықтан мемлекет аталмыш оқу ордасын жоғары бағалайды. 2011 жылға дейін елдің экономикасында туризмнің елеулі үлесі болды. Оған елдің бай мәдениеті мен тарихи жәдігерлердің көптеп сақталуы себеп. Сондықтан ЕАР заңында мәдени мұраларды ерекше қорғайды. Конституцияның 50-бабында «Мысырдың Перғауындық, Копттық, Исламдық және қазіргі кезеңдегі материалдық және моралдық өркениеттік және мәдени мұрасының барлық түрі — мемлекет тарапынан қорғалатын және қолдау білдірілетін ұлттық және жалпы адамзаттық мұра» деп белгілейді [12]. Өз кезегінде бұл ЕАР-ның мәдени мұраларға қатысты ұстанымы САП-нан қарағанда әлдеқайда жұмсақ екендігі байқалады.

Конституцияның 74-бабына сәйкес «Азаматтардың заңда белгіленген тәртіппен хабарлау арқылы саяси партиялар құруға құқығы бар. Дінге негізделген немесе жынысына, шығу тегіне, географиялық жағдайына байланысты кемсітушілікке жол беретін саяси әрекеттердің жүзеге асырылуына немесе саяси партиялардың құрылуына жол берілмейді». 2014 жылы қабылданған аталмыш заңнамалық құжатта діни партия құруға тыйым салынған. Оған себеп «мұсылман бауырлар» діни ұйымын және оған қарасты партияларды елдегі террористік ұйым ретінде тануы және елдегі фундаменталды діни ұйымдардың ықпалын азайту болды. Қазіргі уақытта елде 100-ден астам тіркелген саяси партиялар қызмет атқарады. Конституция дін негізінде саяси партияларды құруға тыйым салса да, ислам заңдарын орнатуға ұмтылатын партиялар бар. Өйткені, елдің негізгі заңында дінге ашық басымдылық беріліп, ислам мемлекеттік дін ретінде мойындалған.

ЕАР конфессиялық саясатының батыс елдері, оның ішінде Америка Құрама Штаттары тарапынан ең жиі сынға алынатын тұсы елдің копт христиандарға деген қатынасы. Сонымен қатар бахаи және Иегова куәгерлері ұйымына тыйым салуы да сынға ілікті. Дегенмен, АҚШ мемлекеттік департаментінің адам құқығы бойынша 2018 жылғы баяндамасында алдыңғы жылғы баяндамаларынан қарағанда тағылған сындардың азая түскендігі байқалады. Мысыр билігі бұл мәселені шешу үшін 2016 жылы шіркеулерді заңды түрде тіркеуге қоюға мүмкіндік беретін Заң қабылдады. Нәтижеде 783 шіркеудің қызметі заңдастырылды [14]. Елде мұнымен қоса тағы бір кезекті мәселе бар. Оның

біріншісі радикалды ислами топтар тарапынан теракт әрекеттердің жиі орын алуы және дінаралық алауыздықты қоздыруы болса, екінші исламдық топтар арасындағы қақтығыстардың өршу мәселесі. 2017 жылғы 23 қарашада Синай жарты аралының солтүстігінде әр-Рауд мешітінде орын алған терактіде 230 адам қаза тапты. Террористер алдымен, жарылғыш зат тастап, сосын мешіттен жан сауғалап қашқан жамағатты оқ жаудырып өлтірген. Мәліметтерге сәйкес ИШИМ содырлары тарапынан жасалған бұл әрекет сопылық бағыттағы мұсылмандарды өлтіру мақсатында болған [14]. Бұл, террористік топтардың мұсылмандарды да, өзге дін өкілдерін де аямайтындығын ашық көрсетті. ЕАР-да діни қатынастардың шиеленісуіне халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігі де әсер етуде. Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мен орта таптың аздығы елдегі халықтың төзімсіздігін және радикалды топтарға қосылу мүмкіндігін арттырады.

Жалпы, ЕАР VII ғасырдан бері ислам мемлекеті ретінде саналуы, қазіргі күнде де ислам дінінің мемлекеттік дін мәртебесінің сақталуына мүмкіндік беруде. Дегенмен, Мысыр әлемдегі ең көне елдің бірі болғандықтан конфессиялық құрамы да әралуан. Конституциясы Ибраһимдік діндерге ерекше мәртебе береді. Мемлекет басшысы зайырлы адам болып саналады. Алайда, ислами мекемелер мемлекет тарапынан қаржыландырылады. Елде, діни алауыздық өршу және лаңкестік әрекеттердің орын алу ықтималдығы бар. Сондықтан ЕАР лаңкестікпен күресуде өте белсенді жұмыс жасайтын елдің бірі.

Қорытындылай келе аталмыш үш елде де ислам мемлекеттік дін мәртебесіне ие. Дегенмен, басқару жүйесі әрқалай. Малайзия мен Сауд Арабиясында монархиялық басқару болса, Мысыр республикалық жүйені қолайлы көрген. Үш елдің орналасқан аумағына қарай этникалық, сәйкесінше конфессиялық құрамы да әртүрлі. Мұсылмандардың саны үш елде де басым болғанымен, пайыздық көрсеткіші әр түрлі. Сауд Арабиясында барлығы дерлік мұсылмандар, МФ-да мұсылман-малайлар 50 пайыздай, қалғаны буддизм, конфуциандықты және индуизмді ұстанатын қытай үнді және өзге этнос өкілдері. Ал, ЕАР-да христиан копт өкілдері халықтың 9 пайыздайын құрайды. Әр елдің мемлекет және дін қатынасы этно-конфессиялық құрамына орай реттелген. Мысалы, САП-та Шейх әулеті мен Сауд әулетінің бірнеше жылдардан бергі келісімі негізінде уаһха биліктен өзге көзқарастың таралуына жол берілмейді. Ал, Мысыр ислам мемлекеті саналғанымен билік жүйесіне зайырлы мемлекеттердің тәжірибесін қолдану арқылы елдегі конфессияаралық және мемлекет пен дін қатынастарын реттеуге тырысуда. Оны, елдің діни партияларды құруға тыйым салуынан көруге болады. Ал, Малайзияның ұстанымы нарықтық қатынастарға негізделген. Елде исламдық, ұлттық немесе демократиялық бағыттарда партиялар жұмыс жасайды. Қытай, үнді және малай халықтарының дүниетанымдарына жақын ұйымдардың қызметі әрбір ұлттың діні мен рухани құндылықтарын сақтауға бағытталған. Әрине, мемлекеттің ұстанымы мен халықтың дені мұсылман болуы ислам дінінің басымдылығына жол ашады. Алайда, осыған қарамастан өзге ұлт өкілдері оның ішінде қытайлар мен үнділермен әріптестік қатынас орната алған. Нәтижесінде ел халқының татулығы мен материалдық тұрғыдан баюына жол ашылды. Бұл МФ аумағындағы қытайлықтар мен малайлықтардың нарықтық бәсекелестігі нәтижесінде ортаға шықты. Яғни, ел халқы діни таластарды ысырып, кәсіптік бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағыттады. Оған себеп, малай еліне миграциялық толқынмен келіп қоныстанған қытайларды малай билігі дер кезінде елдің заңнамаларына бейімдеп үлгері алғандығы. Ал, Мысырдың орналасқан аумағы араб әлемі. Араб көктемінің самалы әлі толық басылған жоқ. Сонымен қатар ондағы христиандар мен өзге де діни топтар елдің тұрғылықты өкілдері. Яғни, оларды бірден елдің басқару жүйесіне бейімдеу оңайға соқпайды. Өз кезегінде бұл ЕАР-дағы мемлекет және дін қатынасын күрделендіре түседі.

Әдебиеттер тізімі

1 Basic Law of Governance [Electronic resource]. — Access mode: <https://www.wipo.int/edocs/lexdocs/laws/en/sa/sa016en.pdf>

2 Косач Г. Саудовская Лига общественной морали и государство [Электронды ресурс] / Г. Косач. — 2013. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/saudovskaya-liga-obschestvennoy-morali-i-gosudarstvo>

3 Косач Г. Саудовская Аравия: власть и религия [Электронный ресурс] / Г. Косач. — 2013. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/saudovskaya-araviya-vlast-i-religiya>

4 В Мекке заживо сгорели 15 школьников [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.kommersant.ru/doc/935340>

5 Рожаева Е. В Саудовской Аравии разрешили спасти от пожара девушек без паранджи [Электронный ресурс] / Е. Рожаева. — Режим доступа: <https://www.kp.kz/daily/24490.5/646214/>

- 6 Саудовская Аравия теряет культурное наследие: 98 % объектов культуры разрушены [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://artguide.com/news/749>
- 7 Каково положение законов Аллаха в Саудовской Аравии? [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://golosislama.com/news.php?id=18327>
- 8 ООН призывает Саудовскую Аравию не уничтожать «культурное наследие» в шиитском селении [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://rus.azattyq.org/a/28507289.html>
- 9 Саудовская Аравия впервые открывает туристическое направление [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://tengritravel.kz/around-the-world/saudovskaya-araviya-vpervyie-otkryivaet-turisticheskoe-363117/>
- 10 Золотухин И. Малайзия в зеркале этноконфессиональной ситуации: история и современность [Электронный ресурс] / И. Золотухин. — 2010. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/malayziya-v-zerkale-etnokonfessionalnoy-situatsii-istoriya-i-sovremennost>
- 11 Особенности партийной системы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.hyno.ru/tom2/996.html>
- 12 Egypt's Constitution of 2014. https://www.constituteproject.org/constitution/Egypt_2014.pdf
- 13 Кривец Е.А. Коптская община Египта и политика дискриминации [Электронный ресурс] / Е.А. Кривец. — 2014. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/koptskaya-obschina-egipta-i-politika-diskriminatsii>
- 14 2018 Report on International Religious Freedom: Egypt [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.state.gov/reports/2018-report-on-international-religious-freedom/egypt/>

Ғ. Мажиев, Р.М. Мухаметшин

Особенности, принципы и тенденции развития отношений государства и религии в современных исламских странах: Саудовская Аравия, Египет, Малайзия

В статье проанализированы аспекты отношений между религией и государством в исламских странах. В качестве объекта исследования были взяты Королевство Саудовской Аравии, Арабская Республика Египет и Федерация Малайзия. С целью раскрытия проблемы отношений религии и государства были изучены особенности приоритетности ислама в данных государствах, активность деятельности религиозных партий, расположение стран и их этноконфессиональный состав. Кроме того, оценен уровень религиозной принадлежности системы власти трех стран. В ходе исследования было отмечено, что уровень предпочтения в Саудовской Аравии более жесткий, чем в двух других странах, однако в последние годы наблюдались попытки привнести изменения и новшества в системе управления и образования и сфере услуг, а также в деле сохранения культурного наследия, подвергшейся наибольшей критике. В то же время в Египте, помимо исламской религии, могут дать статус другим авраамическим религиям, это указывает на то, что политическая власть страны является более светской, чем в остальных двух странах. Малайзия, являясь мусульманской страной в монархической власти, предоставляет в стране свободу деятельности религиозных, политических партий и иных организаций, основанных на религии. Они имеют возможность участвовать в управлении страной, посредством своих членов, избранных в парламент. История этой страны показывает, что через многообразие своего народа они достигли высокого уровня развития, ориентированного на рыночную конкуренцию.

Ключевые слова: Саудовская Аравия, Малайзия, Египет, религия, государство, власть, закон, ислам.

G. Mazhiyev, R.M. Mukhametshin

Features, principles and trends in the development of relations between the state and religion in modern Islamic countries: Saudi Arabia, Egypt, Malaysia

The author in this article analyzed aspects of the relationship between religion and the state in Islamic countries. The Kingdom of Saudi Arabia, the Arab Republic of Egypt and the Federation of Malaysia were taken as the object of study. To uncover the problems of relations between religion and the state, an analyzed features of the priority of Islam in these states, the activity of religious parties, the location of countries and their ethnic and religious composition. In addition, the article analyzes the level of religious affiliation of the power system of the three countries. The study noted that the level of preference for Saudi Arabia is more stringent than in the other two countries, however, in recent years there have been attempts to make changes and innovations in the management system and education and services, as well as in preserving the cultural heritage that has been most criticized. At the same time, in Egypt, in addition to the Islamic religion, they can give status to other Abrahamic religions, this is an indicator that the country's political power is more secular than in the other two countries. Malaysia, being a Muslim country in monarchical power, provides freedom of activity for religious, political parties and other organizations based on religion in the country. They have the

opportunity to participate in the government, through their members elected to parliament. The history of this country shows that through the diversity of their people, they have reached a high level of development, focused on market competition.

Keywords: Saudi Arabia, Malaysia, Egypt, religion, state, power, law, Islam.

References

- 1 Basic Law of Governance. (n.d.). *wipo.int*. Retrieved from <https://www.wipo.int/edocs/lexdocs/laws/en/sa/sa016en.pdf>
- 2 Kosach, G. (2013a). Saudovskaia Liha obshchestvennoi morali i gosudarstvo [Saudi League of Public Morality and the State]. *cyberleninka.ru*. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/saudovskaya-liga-obschestvennoy-morali-i-gosudarstvo> [in Russian].
- 3 Kosach, G. (2013b). Saudovskaia Araviia: vlast i relihiia [Saudi Arabia: Power and Religion]. *cyberleninka.ru*. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/saudovskaya-araviya-vlast-i-religiya> [in Russian].
- 4 V Mekke zazhivo shoreli 15 shkolkits [15 schoolgirls burned alive in Mecca]. (n.d.). *kommersant.ru*. Retrieved from <https://kommersant.ru/doc/935340> [in Russian].
- 5 Rozhayeva, Ye. V Saudovskoi Aravii razreshili spasat ot pozhara devushek bez parandzhi [Saudi Arabia allowed to save girls without burqa from fire]. (n.d.). *kp.kz*. Retrieved from <https://www.kp.kz/daily/24490.5/646214/> [in Russian].
- 6 Saudovskaia Araviia teriaet kulturnoie nasledie: 98 % obiektov kultury razrusheny [Saudi Arabia loses cultural heritage 98 % of cultural sites destroyed]. (n.d.). *artguide.com*. Retrieved from <http://artguide.com/news/749> [in Russian].
- 7 Kakovo polozhenie zakonov Allakha v Saudovskoi Aravii? [What is the position of the laws of Allah in Saudi Arabia?]. (n.d.). *golosislama.com*. Retrieved from <https://golosislama.com/news.php?id=18327> [in Russian].
- 8 OON prizyvaet Saudovskuiu Araviyu ne unichtozhat «kulturnoie nasledie» v shiitskom selenii [UN calls on Saudi Arabia not to destroy «cultural heritage» in Shiite village]. (n.d.). *rus.azattyq.org*. Retrieved from <https://rus.azattyq.org/a/28507289.html> [in Russian].
- 9 Saudovskaia Araviia vpervyie otkryvaet turisticeskoe napravlenie [Saudi Arabia for the first time opens a tourist destination]. (n.d.). *tengritravel.kz*. Retrieved from <https://tengritravel.kz/around-the-world/saudovskaya-araviya-vpervyie-otkryvaet-turisticeskoe-363117/> [in Russian].
- 10 Zolotukhin, I. 2010. Malaiziia v zerkale etnokonfessionalnoi situatsii: istoriia i sovremennost [Malaysia in the Aspect of the Ethnoconfessional Situation: History and Modern Time]. (n.d.). *cyberleninka.ru*. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/malazyiya-v-zerkale-etnokonfessionalnoy-situatsii-istoriya-i-sovremennost> [in Russian].
- 11 Osobennosti partiinoi sistemy [Features of the party system]. (n.d.). *hyno.ru*. Retrieved from <http://www.hyno.ru/tom2/996.html> [in Russian].
- 12 Egypt's Constitution of 2014. (2014). *constituteproject.org*. Retrieved from https://www.constituteproject.org/constitution/Egypt_2014.pdf [in English].
- 13 Krivets, E.A. (2014). Koptskaia obshchina Yehipta i politika diskriminatsii [Discrimination of copts in Egypt]. *cyberleninka.ru*. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/koptskaya-obshchina-egipta-i-politika-diskriminatsii> [in Russian].
- 14 (2018). Report on International Religious Freedom: Egypt. (2018). *state.gov*. Retrieved from <https://www.state.gov/reports/2018-report-on-international-religious-freedom/egypt/>